

**2017-2018 оқу жылына арналған техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы**

Атырау облысы әкімдігінің 2017 жылғы 29 тамыздағы № 231 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 6 қазанда № 3954 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27, 37-баптарына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Атырау облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2017-2018 оқу жылына арналған техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

2. "Атырау облысы Білім беру басқармасы" және "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемелері осы қаулыдан туындайтын барлық шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің орынбасары Ә.И. Нәутиевке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Н. Ноғазев*

Атырау облысы әкімдігінің 2017 жылғы "29" тамыздағы № 231 қаулысына қосымша  
Атырау облысы әкімдігінің 2017 жылғы "29" тамыздағы № 231 қаулысымен бекітілген

**2017-2018 оқу жылына арналған техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы**

р/с	Мамандық коды	Мамандық атауы	Мемлекеттік білім беру тапсырысы	оның ішінде базасында		оқу жылы ішінде 1 маманды оқытуға арналған орташа шығын (мың теңге)
			күндізгі оқыту	9 сынып	11 сынып	
1	2	3	4	5	6	7
1	0101000	Мектепке дейінгі тәрбие және оқу	70	25	45	316,0

2	0103000	Дене тәрбиесі және спорт	40	40	-	316,0
3	0105000	Бастауыш білім беру	110	110	-	340,1
4	0106000	Бейнелеу өнері және сызу	20	20	-	336,9
5	0107000	Технология	20	20	-	316,0
6	0111000	Негізгі орта білім беру	65	50	15	316,0
7	0301000	Емдеу ісі	50	-	50	336,0
8	0302000	Медбикелік іс	125	-	125	330,8
9	0306000	Фармация	25	-	25	330,8
10	0403000	Әлеуметтік-мәдени қызметі және халықтық көркемдік шығармашылығы (бейін бойынша)	15	15	-	386,7
11	0404000	Аспаптық орындау және музыкалық өнер эстрадасы (түрлері бойынша)	37	37	-	386,7
12	0405000	Хор дирижеры	13	10	3	386,7
13	0406000	Музыка теориясы	1	1	-	386,7
14	0407000	Ән салу	14	14	-	386,7
15	0409000	Актерлік өнер	2	-	2	386,7
16	0506000	Шаштараз өнері және сәндік косметика	45	30	15	318,2
17	0508000	Тамақтандыруды ұйымдастыру	375	270	105	410,0
18	0511000	Туризм (салалары бойынша)	25	25	-	340,1
19	0512000	Аударма ісі (түрлері бойынша)	30	20	10	340,1
20	0513000	Маркетинг (салалар бойынша)	30	30	-	340,1
21	0701000	Пайдалы қазбалар кен орындарын геологиялық түсіру, іздеу және барлау (түрлері бойынша)	20	20	-	278,0
22	0801000	Мұнай мен газ скважиналарын бұрғылау және бұрғылау жұмыстарының технологиясы (бейін бойынша)	40	40	-	278,0
23	0807000	Мұнай мен газ кәсіпшіліктерінің жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу	15	15	-	367,0
24	0809000	Мұнай және газ кен орындарын пайдалану (бейін бойынша)	180	55	125	367,0
25	0810000	Мұнай-газ құбырларын, мұнай-газ қоймалары мен жанар май құю станцияларын салу және пайдалану	40	40	-	347,0
26	0819000	Мұнай және газды қайта өңдеу технологиясы	20	20	-	367,0
27	0901000	Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары (түрлері бойынша)	180	150	30	395,0
28	0902000	Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)	150	150	-	316,0
29	0907000	Жылу-техникалық жабдық және жылумен қамтамасыз ету жүйелері (түрлері бойынша)	20	20	-	306,0
30	0910000	Электр және электр механикалық жабдықтар (түрлері бойынша)	27	27	-	306,0

31	0911000	Электр және электрлі механикалық жабдықтарды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу (түрлері бойынша)	65	25	40	306,0
32	1013000	Механикалық өңдеу, өлшеу-бақылау құралдары және өндірістегі автоматика	115	90	25	306,0
33	1114000	Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)	350	275	75	316,0
34	1201000	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	350	200	150	365,0
35	1202000	Тасымалдауды ұйымдастыру және көлікте қозғалысты басқару (салалар бойынша)	20	20	-	316,0
36	1203000	Теміржол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару	70	50	20	316,0
37	1211000	Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу	115	55	60	318,4
38	1219000	Нан пісіру, макарон және кондитерлік өндірісі	30	-	30	384,0
39	1304000	Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)	103	63	40	306,0
40	1306000	Радиоэлектроника және байланыс (түрлері бойынша)	115	75	40	316,0
41	1401000	Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану	253	118	135	311,0
42	1402000	Жол-құрылыс машиналарын техникалық пайдалану (түрлері бойынша)	175	105	70	316,0
43	1403000	Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану (түрлері бойынша)	25	-	25	316,0
44	1501000	Ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу	75	50	25	311,0
45	1504000	Фермер шаруашылығы (бейін бойынша)	155	140	15	311,0
46	1511000	Жерге орналастыру	25	25	-	311,0
47	1513000	Ветеринария	45	20	25	276,0
48	1516000	Өрт қауіпсіздігі	40	20	20	311,0
49	1517000	Төтенше жағдайда қорғау (бейін бойынша)	67	50	17	311,0
		Барлығы	3997	2635	1362	